



## ЖЕР АСТЫ БАЙЛЫҒЫН ЗЕРТТЕУШІЛЕР



### БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР:

2  
бет

АКИМ ОБЛАСТИ ПОЗДРАВИЛ  
ГЕОЛОГОВ С ПРАЗДНИКОМ  
ҚАРАЖАНБАС ГЕОЛОГТАРЫНА  
ҚҰРМЕТ КӨРСЕТІЛДІ

3  
бет

ҚАРАЖАНБАС АВТОПАРКІНЕ 72 БІРЛІК  
КӨЛІК ҚҰРАЛЫ БЕРІЛДІ  
МАШИНИСТ ВЫСШЕГО КЛАССА

4  
бет

I ВАХТАНЫҢ ЕҢБЕК ҰЖЫМЫНА  
АУЫЗАШАР БЕРІЛДІ  
АУЫЗАШАР НА ҚАРАЖАНБАСЕ  
ОБЛЫСТЫҚ МЕШІТТЕГІ АУЫЗАШАР

5  
бет

«ҚАРАЖАНБАСМУНАЙ» АҚ ЖАС  
БАЛУАНДАРҒА ДЕМЕУШІЛІК  
ҚОЛДАУ КӨРСЕТТИ  
«ЕҢ ҮЗДІК АУЫЛ»

6  
бет

«БІРЛІК» ЖҰМЫСШЫЛАРДЫҢ  
ЖЕРГІЛІКТІ КӘСІПОДАҒЫ» ҚБ-нің  
ЖАҢА ТӨРАҒАСЫ САЙЛАНДЫ  
АЗАМАТТЫҚ ҚОРҒАНЫС –  
АУҚЫМДЫ МІНДЕТ!

7  
бет

ВСЕМИРНЫЙ ДЕНЬ ОХРАНЫ ТРУДА  
«САҚ ЖҮРСЕҢ – САУ ЖҮРЕРСІҢ!»

8  
бет

ҚАСИЕТТІ АЙДАҒЫ ҚАЙЫРЫМДЫ ІС  
«ҚАРАЖАНБАСМУНАЙ» АҚ  
КӘСІПОДАҒЫ КӨП БАЛАЛЫ  
ОТБАСЫНА ҮЙ СЫЙЛАДЫ

9  
бет

БОЛАШАҚ МҰНАЙШЫЛАРҒА БАҒДАР  
ТУПКАРАГАНСКИЕ СТУДЕНТЫ  
ПРАКТИКУЮТСЯ НА КАРАЖАНБАСЕ

10  
бет

«ҒАЖАЙЫП АЛАҢ»  
СПОРТ КАК ОБРАЗ ЖИЗНИ

11  
бет

«ҚАРАЖАНБАСМУНАЙ» АҚ  
ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ ТЕҢІЗ ЖАҒАЛАУЫН  
ТАЗАРТТЫ

12  
бет

ҚАРАЖАНБАС МҰНАЙШЫЛАРЫ  
ЖЕҢІС ТҰҒЫРЫНДА

Жыл сайын сәуірдің алғашқы жексенбісінде Қазақстанда геолог күні атап өтіледі. Бұл өзін ғылымға, көпжылдық ізденістерге, пайдалы қазбалардың жаңа шоғырын ашуға арнаған мамандардың айтулы күні.

«Қаражанбасмұнай» АҚ-да қажырлы еңбегі, адалдығы, энергиясы мен кәсібилігі арқасында ресурстық базаны нығайтып, компаниямен қатар тұтас Маңғыстау облысының өркендеуі үшін сенімді негіз қалыптастыратын майталман геологтар жұмыс істейді. Геология және игеру департаментінің мамандары кен орнын алғашқы ашушылардың игі дәстүрлерін абыроймен жалғастырып, жоғары өндірістік көрсеткіштерге жету жолында аянбай еңбек етіп келеді.

Қаражанбас кен орнының тарихы осыдан жарты ғасыр бұрын, «Маңғыстаумұнайгазбарлау» тресінің аймақтағы алғашқы бас

геологы Әділ Нұрманов жаңа геологиялық материалдар жинап, Солтүстік Бозашы аумағында зерттеу жұмыстарын жүргізген шақтан басталды.

Геологтар тобы табандылық пен еңбекқорлық арқасында картадан жаңа мұнай кен орнын ашты. 26 қаңтарда түн ортасында, ұңғыма 302 метр тереңдікке жеткенде, аяқ астынан қуатты мұнай фонтаны атқылады. Осылайша, 1974 жылғы 26 қаңтар Қаражанбас кен орнының ашылу күні ретінде тарихқа енді.

Содан бері бүкіл ұжымның қажырлы еңбегі арқасында бірнеше миллионтоннамұнайға қолжеткіздік. Геологтар ұжымда әрқашан ерекше құрметке ие. Мәртебелі мамандық иелері жыл сайын биік белестерді бағындырып, жаңа аумақтар мен тереңдіктерді игеріп келеді.

Құрметті әріптестер, кәсіби мереке құтты болсын!



## АКИМ ОБЛАСТИ ПОЗДРАВИЛ ГЕОЛОГОВ С ПРАЗДНИКОМ



В Актау с участием акима области Нурлана Ногаева состоялось торжественное собрание, посвященное Дню геолога.

В мероприятии приняли участие президент казахстанского общества геологов-нефтяников Балтабек Куандыков, мангистауские геологи, ветераны отрасли, в числе которых первооткрыватель месторождения Каражанбас Адиль Нурманов, а также ряд геологов АО «Каражанбасмунай».

В ходе мероприятия ветераны-геологи рассказали о своих трудах в нефтегазовой отрасли Мангистау и поделились воспоминаниями. Молодые специалисты и будущие специалисты выразили благодарность и поздравили ветеранов геологической отрасли.

В ходе вечера специалисты были награждены благодарственными письмами от акима области, а также наградой Министерства энергетики РК, Комитета геологии и ассоциации Kazenergy.

Наряду с этим, состоялась презентация книги ветерана-геолога-разведчика Бисембая Бисенгалиева «Мен геолог-барлаушымын» и «Киелі өлкені өзгерткен барлаушылар». В книге рассказывается о тонкостях геологической отрасли, труде разведчиков и воспоминания о себе.

## ҚАРАЖАНБАС ГЕОЛОГТАРЫНА ҚҰРМЕТ КӨРСЕТІЛДІ



«Қаражанбасмунай» АҚ геология саласының қызметкерлері құрметке бөленді. Кәсіби мерекеге орай, мұнай-газ секторының өркендеуіне елеулі үлес қосқан бірқатар маманға ҚР Энергетика министрлігінің алғыс хаты, «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ-ның құрмет грамотасы мен алғыс хаттары табыс етілді. Марапаттау рәсімі барысында ҚБМ Басқармасы мәртебелі мамандық иелерін құттықтап, өз ісіне жауапкершілікпен қарайтын кәсіби қызметкерлерге алғыс білдірді.

«Қаражанбас геологтары сала ардагерлері аманаттаған игі дәстүрді абыроймен жалғастырып келеді. Сіздердің ерен еңбегіңіздің арқасында кен орнымыз дамып, өндіріс өрге басуда. Мереке құтты болсын, құрметті геологтар!», - деп атап өтті ҚБМ Басқармасы.

Алғыс хаттарды табыстау рәсімі орталық кеңсемен қатар кен орнында да жалғасын тапты. Геология және игеру департаментінің мамандары алдағы уақытта да жаңа аумақтарды зерттеу бойынша ауқымды жұмыстарды жалғастыра бермек. Компания басшылығы мен еңбек ұжымы жер қойнауын зерттеушілердің кәсіби біліктілік пен мол тәжірибе арқасында талай биік белестерді бағындырып, өндірісті өркендететініне сенімді.

## ҚАРАЖАНБАС АВТОПАРКІНЕ 72 БІРЛІК КӨЛІК ҚҰРАЛЫ БЕРІЛДІ

«Қаражанбасмұнай» АҚ-да арнайы техника автопаркін жаңарту бойынша ауқымды жұмыс жалғасуда. Өткен демалыс күндері технологиялық көлік департаментінің №1 және №2 гараж қызметкерлеріне 72 бірлік жаңа пикаптың кілті табысталды.

Автомобильдер партиясы көлік қызметкерлерімен қатар, басқа өндірістік бөлімшелердің мұнайшыларына да таратылады. Техникалық қуатты, заманауи жабдықталған жаңа көліктер жұмысшылардың жайлы тасымалдануын қамтамасыз етеді.

*«Бұрынғы пикаптар жиі жөндеуді қажет ететін. Техниканы жаңарту біздің жұмыс өнімділігімізді арттырып қана қоймай, еңбек жағдайларын жақсартуға да әсер етеді. Біз өте қуаныштымыз!»*, - деді мұнайшылар.

Айта кету керек, бұл Қаражанбастың арнайы техника паркін жаңғырту бойынша былтыр басталған жұмыстың жалғасы. Аталмыш жұмыстар биыл да қарқынына қарқын қоспақ.



## МАШИНИСТ ВЫСШЕГО КЛАССА



Қаражанбас – кузница талантливых специалистов. Здесь добытчики черного золота вносят неизмеримый вклад в развитие родного края. Один из них машинист 7 разряда департамента технологического транспорта Муса Бутуев.

Более 15 лет он управляет тяжелой спецтехникой при производстве строительных, монтажных и погрузочно-разгрузочных работ. Служба, требующая большой ответственности и профессионализма, накрепко связана с нашим героем.

*«Наше месторождение стало для многих настоящей школой роста, где мы постоянно повышаем свой уровень навыков и мастерства. Ощукая на себе возложенную ответственность, мы прилагаем все усилия для качественного и добросовестного выполнения поставленных задач»*, - сказал М. Бутуев.

Передовик производства воспитал немало количество молодых специалистов, которым помогал «прирастить» новые знания, освоить технологии и даже сформировать жизненные принципы. В крайнюю вахтовую смену, коллеги по гаражу №1 достойно проводили ветерана отрасли на заслуженный отдых и пожелали благополучия на новом жизненном этапе.

## I ВАХТАНЫҢ ЕҢБЕК ҰЖЫМЫНА АУЫЗАШАР БЕРІЛДІ

Қасиетті Рамазан айында ораза ұстау қандай сауапты іс болса - ауызашар беруде сондай сауабы мол амал. Осыған орай, Қаражанбас кен орнындағы асханаларда I вахта мұнайшыларына кең дастархан жайылып, қасиетті айда ораза тұтқан компания басшылығы мен еңбек ұжымы ауыз ашты.

Жиналғандарға Рамазан айының қасиеті, бұл айдағы жақсылық пен қайырымдылық істерінің еселенетіндігі, бірлік бар жерде береке болатыны жайында насихат сөздері мен дұға тілек айтылды.

«Ұжымдық ауызашарға бір үйдің баласындай жиналуымыздың өзі көңілге қуаныш ұялатады. Бұл рухани тазаруға және жан-жақты дамуға ықпал ететін, сабырлылық пен байсалдылық сынды құндылықтарды дәріптейтін ерекше ай. Рамазанда жасалған игі істер жыл бойы жалғасын таба берсін!»,- деп атап өтті компания басшылығы.



## АУЫЗАШАР НА КАРАЖАНБАСЕ




По доброй традиции на месторождении Каражанбас организован ауызашар для постящихся работников II вахты. В священный месяц, олицетворяющий благо и единство, нефтяники прочитали молитву о благополучии, согласии и здравии.

«Благословенное время поста мы посвящаем духовному обогащению, укреплению веры, уважения и совершению благих дел. Пусть в месяц милосердия наш народ преумножит свои благие начинания, и в стране будет благополучие и процветание», - отметило руководство КБМ.



## ОБЛЫСТЫҚ МЕШІТТЕГІ АУЫЗАШАР



Он екі айдың сұлтаны – қасиетті Рамазанда «Қаражанбасмұнай» АҚ игі іске үлес қосып, облыстық «Бекет Ата» мешітінің жамағатына ауызашар ұйымдастырды. Компания басшылығы жиналғандармен бірге дұға жасап, ел мен жердің тыныштығын, бейбіт те алаңсыз өмір тіледі.

«Рамазан – адамның рухани тазарып, иісі мұсылманды береке-бірлікке шақыратын рақымы мол ай. Ал, ораза

ұстаған жандарға ауыз аштыру зор сауапқа кенелтеді. Қасиетті айда тілеген тілектеріңіз орындалсын, ниеттеріңіз қабыл болсын!»,- деді ҚБМ басшылығы.

Мешітке жиналған жамағат сауапты іс жасаған қаражанбастықтарға алғыс айтып, жылы лебізін білдірді. Ауызашардан соң рухани құндылықтарды арттыратын әсерлі әңгімелер айтылды.

## «ҚАРАЖАНБАСМҰНАЙ» АҚ ЖАС БАЛУАНДАРҒА ДЕМЕУШІЛІК ҚОЛДАУ КӨРСЕТТІ

«Қаражанбасмұнай» АҚ өңіріміздің тек өндіріс қана емес, қоғамдық-әлеуметтік өміріне де белсенді атсалысады. Компания басшылығы әлеуметтік жауапкершілік аясында бұқаралық спортты дамытып, жас балуандарды жігерлендіру мақсатында демеушілік көмек көрсетті.

Бас директор Нұрсейіт Союнов спортты серік еткен жастарға арнайы барып, залдағы жаттығу барысымен танысты. Олардың арасында қазақша күрес пен дзюдодан облысымыздың атын асқақтатып, тіпті әлемдік ареналарда көк байрағымызды желбіретіп жүрген чемпиондар бар. Мұнайшылар осындай 20-дан астам балуанға спорттық киімдер сыйға тартып, жеңіске жаңа серпін сыйлады.

«Жас кезде белсенді өмір сүріп, спортпен айналысу – адамды биік белестерге жетелейді. Сіздердің жетістіктеріңіз арқылы талай жасөспірім спорт залға жазылып, араларынан тіпті чемпиондар шығуы бек мүмкін. Сондықтан қазақ спортының жанкүйері ретінде азаматтық ұстаным танытып, сіздердің талпынысыңызды арттыруға тырыстық. Жеңісті күрдеріңіз көп болсын!», – деді ҚБМ Басқармасы.



Өз кезегінде облыстық қазақ күресі федерациясы басшылығы ҚБМ-ның демеушілік көмегін зорқуанышпен қабыл алып, алғыс хат табыс етті. Сондай-ақ болашақ жоспарларымен бөлісіп, келе жатқан додаларға дайындығы туралы айтты. Балуандар алдағы бәсекелерге сұжаңа спорттық киімдерімен аттанып, жеңіспен оралуға уәде берді. ҚБМ ұжымы облыс жастарының әлі талай шыңды бағындыратынына сенімді!



## «ЕҢ ҮЗДІК АУЫЛ»



Қаражанбаста ұлттық дәстүрді дәріптеп, жұмысшылардың бос уақытын тиімді өткізу мақсатында «Ең үздік ауыл» сайысы ұйымдастырылды. Жарысқа әртүрлі цехтардың еңбек ұжымы қатысып, өнерлерін ортаға салды.

Әр ауыл ән шырқап, қара жорға билеп, бесікке салу, балаға ат қою, құда түсу, қымызмұрындық сияқты қазақтың салт-дәстүрлерінен көрініс сахналады. Мұнайшылар өнерін қазылар алқасы бағалады.

Нәтижеге сәйкес, Қауіпсіздік және еңбекті қорғау бөлімі қатарластарынан оза шауып, «Ең үздік ауыл» атанды. Жұлдегерлер мен жеңімпаздарға сыйлық сертификаттары табыс етілді.



## «БІРЛІК» ЖҰМЫСШЫЛАРДЫҢ ЖЕРГІЛІКТІ КӘСІПОДАҒЫ» ҚБ-НІҢ ЖАҢА ТӨРАҒАСЫ САЙЛАНДЫ

Қаражанбас кен орнында «Бірлік» «Қаражанбасмұнай» АҚ жұмысшыларының жергілікті кәсіподағы» ҚБ-нің еңбек ұжымымен есеп беру кездесуі өтті. Шара барысында кәсіподақ жұмысының соңғы жылдардағы қорытындысы таныстырылды.

Алғаш болып сөз алған кәсіподақтың экс-төрағасы Қуаныш Сисенбаев өзіне сенім артқан ұжымға бірлескен жемісті жұмысы үшін алғыс білдірді. Ол кәсіподақ қызметінің негізгі көрсеткіштері, материалдық төлемдерді қамтамасыз ету, демалу мен емдеуді ұйымдастыру, Ұжымдық шарт аясында жұмысшылардың әлеуметтік-еңбек жағдайын жақсарту шаралары туралы айтты.

Одан соң «Бірлік» кәсіподағы мүшелері дауыс беру арқылы жаңа төрағаны сайлады. Аталмыш лауазымға үш үміткер – Бұрғылау және ұңғымаларды жерасты күрделі жөндеу департаментінің бұрғышылары Смадияр Тілеубаев пен Берік Жалғасбаев, сондай-ақ технологиялық

көлік департаменті (ТКД) №2 гараж АГК жүргізушісі Мансұр Алдабергенов өтініш білдірді. Олар бұған дейін үгіт-насихат жұмыстарын жүргізіп, әріптестерін сайлауалды бағдарламаларымен таныстырған.

Сайлау нәтижесі бойынша ҚБМ кәсіподағының төрағасы лауазымына Мансұр Алдабергенов сайланды. Енді оны қызметкерлер мүддесі және жұмыс беруші мен жұмысшылар арасындағы байланысты нығайта отырып, қолданыстағы Ұжымдық шарт аясындағы ауқымды жұмыстар күтіп тұр.



## АЗАМАТТЫҚ ҚОРҒАНЫС – АУҚЫМДЫ МІНДЕТ!



«Қаражанбасмұнай» АҚ Азаматтық қорғаныс саласын дамытуға қосқан үлесі үшін Маңғыстау облыстық Төтенше жағдайлар департаментінің алғыс хатымен марапатталды.

Компания профилактикалық іс-шараларды жүйелі түрде өткізіп, республикалық командалық-штабтық оқу-жаттығуларға қатысады. Оқу-жаттығу барысында табиғи және техногендік сипаттағы ТЖ-ды жою кезінде облыстық қызметтер мен кәсіпорын арасындағы өзара іс-қимыл мәселелері пысықталады.

Түрлі сипаттағы төтенше жағдай кезіндегі шараларға алдын ала дайындық және ТЖ туындауының алдын алу бойынша жүргізілетін жұмыстар тәуекелдерді азайту, жұмысшылар мен өндірістік объектілерді қорғаудың негізгі қағидаттарының бірі.





## ВСЕМИРНЫЙ ДЕНЬ ОХРАНЫ ТРУДА

28 апреля, отмечается Всемирный день охраны труда в целях содействия предотвращению несчастных случаев и заболеваний на рабочих местах.

В АО «Каражанбасмунай» одним из основополагающих принципов и ценностей является жизнь и здоровье работников. Ежегодно компания реализует ряд мер по обеспечению условий на рабочих местах всем требованиям безопасности охраны труда, исключению травматизма, а также укреплению культуры охраны труда.

Поздравляем с праздником всех специалистов важнейшего подразделения!

## «САҚ ЖҮРСЕҢ – САУ ЖҮРЕРСІҢ!»

Қаражанбас кен орнында Дүниежүзілік еңбекті қорғау күніне арналған іс-шара өтті. Жиналыста «Қаражанбасмунай» АҚ Басқармасы өндірістік процестер мен жұмыс орындарының қауіпсіздігін қамтамасыз ету, қызметкерлердің денсаулығын сақтау саласындағы негізгі міндеттерді атап өтіп, маңызды бөлімше мамандарын кәсіби мерекемен құттықтады.

Бұдан соң, еңбекті қорғау, қауіпсіздігі техникасы және қоршаған ортаны қорғау департаментінің директоры Наурызбек Дүйсекенов компанияда аталмыш бағытта жүргізіліп жатқан жұмыстар туралы айтты. Сонымен қатар, бірқатар мұнайшы өндірістегі қауіпсіздікті сақтау саласындағы нәтижелі жұмысы үшін ҚБМ Басқармасының алғыс хатымен, «Қорғау» бағдарламасы аясында белсенділік пен жауапкершілік танытқан қызметкерлер сыйлық сертификаттарымен марапатталды.

Іс-шара соңында еңбек ұжымы арасында викторина ұйымдастырылып, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бойынша фото-видео тапсырмалар берілді. Сұрақтарға дұрыс жауап берген жұмысшыларға сыйлық сертификаттары табысталды.



## ҚАСИЕТТІ АЙДАҒЫ ҚАЙЫРЫМДЫ ІС

«Бірлік» «Қаражанбасмұнай» АҚ жұмысшыларының жергілікті кәсіподағы» ҚБ қасиетті Рамазан айында сауапты іс жасады. Мұнайшылар Тұщықұдық ауылында тұратын мұқтаж отбасыға 6 бөлмелі пәтердің кілтін табыс етті.

Алпысты алқымдаған Таңатар Сүйінішовтің отбасы отыз жылдан астам уақыттан бері ауылдағы қажетті жағдай жасалмаған, мүлдем жөндеуден өтпеген ескі үйде тұрған. Жұбайы, бала-келіні, олардан тараған 5 немере мен кенже ұлы қысы-жазы су тасып, күн суытса от жағып жылынады екен. Енді олар жанашыр жандар сыйлаған жаңа үйге көшіп, қиындықтың бәрі артта қалғанына сене алар емес.

«Соңғы жылдары жұбайымыз екеуміздің денсаулығымыз нашарлап кеткендіктен, ұлымыз ғана жұмыс істейді. Осы күнге дейін үйіміз суық, табиғи газ бен жылусыз, сусыз отырдық. Бала-шағаның несібесі болар, қаражанбастық мұнайшылар қасиетті айда баспана сыйлап жатыр. Алғысымыз шексіз!», - деді отағасы.

«Бірлік» кәсіподақ мүшелерінің бірлесе сыйлаған жаңа үйі жарық, жылы әрі кең. Баспана қажетті кейбір техника және жабдықтармен қамтамасыз етілген. Көп балалы отбасы жомарттық танытқан мұнайшыларға қамқорлығы үшін зор алғысын білдірді.

«Мүмкіндік болса мұқтаж жанға, жыл он екі ай бойы қолыңнан келген көмекті аямау қажет. Біздің кәсіподақ былтыр да шетпелік көпбалалы отбасыға баспана сыйлаған еді. Қарттарымыздың аман әрі бақытты болуын тілейміз!», - деді Кәсіподақ басшылығы.

Жаңа үйге кірген мұқтаж жандардың қуанышында шек жоқ. Әсіресе балалар кең үйде асыр салып ойнайтынына дән риза. Игі шара соңында отбасыны жаңа баспанамен құттықтауға келгендерге ауызашар берілді.



## «ҚАРАЖАНБАСМҰНАЙ» АҚ КӘСІПОДАҒЫ КӨП БАЛАЛЫ ОТБАСЫНА ҮЙ СЫЙЛАДЫ



«Қаражанбасмұнай» АҚ кәсіподағы тағы бір отбасын бақытқа бөледі. Бұл жолы мұнайшылардың қолдауымен Форт-Шевченко қаласындағы көпбалалы отбасы жаңа үйдің кілтін алды.

Нүргүл Хамзина бес бала тәрбиелеп отырған жалғызбасты ана. Тұңғышы 14, ал кішісі 7 жаста. Отбасы бірнеше жылдан бері жалдамалы пәтерлерді паналап келген. Осы уақыт ішінде Нүргүл аула сыпырушы болып жұмыс істеп, нәпақа тапқан. Жалғызбасты ана перзенттерімен бірге қасиетті айда 5 бөлмелі үйге қоныстанғанына дән риза.

«Кең үйде, алаңсыз күн кешу баспанасыз жүрген әр адамның арманы. Біз үшін де бұл қол жетпестей көрінетін. Бізге үй сыйлаған Қаражанбас кәсіподағы мүшелеріне алғысымыз шексіз», - деді Н.Хамзина.

Жаңа баспанада барлық жағдай жасалған. Сондай-ақ кәсіподақтың жомарт мүшелері Нүргүлдің шаңырағына қажетті жабдықтар мен азық-түлік табыстады. Ал қайырымдылық шарасының шарапатын көрген отбасы берекелі баспанада әлі талай мерекелі күн болатынынан үмітті.



## БОЛАШАҚ МҰНАЙШЫЛАРҒА БАҒДАР



Мұнай-химия саласының жас сарапшысы болашақ мұнайшылармен тәжірибесін бөлісті. «Қаражанбасмұнай» АҚ Ғылыми зерттеу өндірістік жұмыстары цехының басшысы Айдын Қожаш Yessenov университеті «Мұнайхимиялық инжиниринг» кафедрасының студенттеріне шеберлік сағатын өтті.

Дәріс барысында мұнай кен орындарының негізгі объектілерін автоматтандыру мен цифрландыру қадамдары түсіндірілді. Сондай-ақ ұңғыманы тиімді пайдалану әдістері,

қабат сұйықтықтарының қасиеттері мен мұнай игеру кезіндегі өндірістік процестер туралы айтылды.

«Бүгінгі студент - ертеңгі маман. Сондықтан олар өз саласының қыр-сырын жетік меңгеріп, теорияда да, тәжірибеде де мықты болуы шарт. Болашақ мұнайшылардың мамандығына деген қызығушылығы жоғары. Біз де оларға көрген-білгенімізді үйретіп, бағдар беріп жүргенімізге қуаныштымыз», - деді А.Қожаш.

Айта кетейік, ҚБМ болашақ өндіріс мамандарының теория мен тәжірибені тең меңгеруіне зор мүмкіндік – тәжірибеге бағытталған оқыту жобасын сәтті жалғастырып келеді. Қазір аталмыш университет пен Түпқараған ауданындағы гуманитарлық-техникалық колледжінің студенттері Қаражанбас кен орнында тәжірибеден өтіп жатыр. Сондай-ақ компанияның жас мамандары вахтааралық демалыс кезінде университет студенттеріне дәріс оқиды.

## ТУПКАРАГАНСКИЕ СТУДЕНТЫ ПРАКТИКУЮТСЯ НА КАРАЖАНБАСЕ

В рамках меморандума о сотрудничестве между АО «Каражанбасмунай» и гуманитарно-техническим колледжем Тупкараганского района первый поток студентов заступил на вахту.

Ребята под строгим наблюдением наставников работают на производственных объектах месторождения.

В частности, стажеры подкрепляют теорию практикой по направлениям «Техническое обслуживание, ремонт и эксплуатация автомобилей», а также «Сварочное дело».

К слову, наряду с молодыми специалистами из Тупкараганского района, практико-ориентированное обучение на Каражанбасе продолжают проходить студенты колледжа и университета им. Ш.Есенова.



## «ҒАЖАЙЫП АЛАҢ»



Қаражанбас мұнайшылары «Ғажайып алаң» зияткерлік сайысына қатысып, ой додасына түсті. Бұл жолы I вахта жұмысшылары қазақ халқының мәдениеті, тұрмыс-салты мен қолөнеріне қатысты жасырылған сөздерді табуға тырысты.

Білім бәсекесінде бақ сынап, әр түрлі цехтардың намысын арқалаған 9 қатысушы бір-бірінен басым түсуге барын салды.

Жылдамдық, ұшқыр ой мен тапқырлық арқасында ғылыми-зерттеу өндірістік жұмыстар цехының лаборанты Айжан Исламова жеңіске жетті.

Сайыс барысында көрермендер арасында лотерея ойнатылып, жеңімпаздарға әр түрлі электроника құралдары мен тұрмысқа қажетті табыс етілді.



## СПОРТ КАК ОБРАЗ ЖИЗНИ

К Всемирному дню здоровья на месторождении Каражанбас прошел турнир по бильярду среди нефтяников I вахты. Испытать умения и получить разряд в одном из искусных видов спорта собрались более 10 работников из разных производственных цехов.

Участники турнира довольно таки хорошо владеют техникой, играя сильным и тихим штосом, ну и конечно, совершая прямые удары.

В результате, оператор цеха добычи нефти №3 Жандарбек Орынбасаров завоевал почетное III место. На второй ступени расположился плотник ремонтно-строительного цеха Куангали Алдабергенов. Ну, а победителем турнира стал инструктор группы социальной работы и внутренней коммуникации Калимжан Мусимкулов.



## «ҚАРАЖАНБАСМҰНАЙ» АҚ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ ТЕҢІЗ ЖАҒАЛАУЫН ТАЗАРТТЫ



Табиғат қайта оянған көктем мезгілінде тазалық акциялары мен сенбіліктер жандана түсті. Соған сәйкес, «Қаражанбасмұнай» АҚ (әрі қарай – ҚБМ) әлеуметтік жауапты компания ретінде өңірді абаттандыру және тазарту жұмыстарына атсалысты. Бүгін Компания басшылығы бастаған орталық кеңсе қызметкерлері жалпықалалық сенбілікке шығып, жағалау аумағын тазартты.

Шуақты ауа-райы сенбілікке шыққандарға жайдары көңіл-күй сыйлады. Жұмысқа білек сыбана іске кіріскен мұнайшылар бірнеше топқа бөлініп, 9 «а» ш/а. жағалауынан Ж.Мыңбаев ескерткішіне дейінгі аумақты мұнтаздай таза етті. Олар теңіз жағалауындағы қалдықтарды жүзден астам қапшыққа салып, арнайы техникамен қоқыс полигонына жіберді.

«Жағалау – қаламыздың келбеті, ең көрікті жерлердің бірі. Сондықтан мұнда тазалық пен тәртіп сақтау аса маңызды. Біз сенбілік кезінде көптеген пластикалық бөтелкелерін, полителен пакеттерін және т.б. жинадық», – деп атап өтті ҚБМ қызметкерлері.

Айтакетейік, ҚБМ аймақ экологиясына айтарлықтай көңіл бөлетін компаниялар қатарында. Еңбек ұжымы жыл сайын Қаражанбас кен орны мен облыс орталығында көшеттер отырғызып, суару жұмыстарын жүргізеді. Бұл жолы да қаражанбастықтардың акцияға ұйымшылдық танытуы арқасында теңіз жағалауының ажары ашыла түсті.



СӘУІР АЙЫНДАҒЫ МЕРЕЙТОЙ ИЕЛЕРІН  
**ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!**

**60 жас**

- 02.04.1963 жыл, Темірханов Сисекеш Имахаұлы,  
*№5 автотізбек машинисі*
- 04.04.1963 жыл, Мадиев Сәрсенғазы Сарымұлы,  
*№2 автотізбек жүргізушісі*
- 09.04.1963 жыл, Абдрахманов Аманқос Қоңырбайұлы,  
*Бу өндіру цехының жөндеуші-слесарі*
- 09.04.1963 жыл, Бегенов Орымбай,  
*Қауіпсіздік және еңбекті қорғау тобының инженері*
- 11.04.1963 жыл, Абдрахман Оңдасын,  
*Кен орнындағы аудармашылар тобының аға аудармашысы*
- 12.04.1963 жыл, Тажиков Нұржан Рахматуллаұлы,  
*№4 автотізбек жүргізушісі*
- 13.04.1963 жыл, Асқарова Зағипа Қаламжанқызы,  
*Құрылыс-жөндеу цехының сырлаушысы*
- 21.04.1963 жыл, Теңдесбаев Жиенбай Оңайбайұлы,  
*№5 автотізбек жүргізушісі*

**50 жас**

- 04.04.1973 жыл, Бекмағанбетов Сәрсенби Қиасұлы,  
*Технологиялық топтың ұңғыларды жөндеу шебері*
- 04.04.1973 жыл, Мамбетов Алтай Ақболатұлы,  
*4 деңгейлі автоколонна басшысы*
- 04.04.1973 жыл, Амангелдиева Ақжанас Амангелдіқызы,  
*Кадрлық басқару бөлімінің маманы*
- 08.04.1973 жыл, Байдашов Жаңбырбай Исенбайұлы,  
*№3 автотізбек машинисі*
- 10.04.1973 жыл, Бурумбаев Болат Сатыбалдыұлы,  
*№6 автотізбек машинисі*
- 10.04.1973 жыл, Телекбаев Егізбай Оңайбайұлы,  
*№2 автотізбек жүргізушісі*
- 11.04.1973 жыл, Шотаев Амандық Теміржанұлы,  
*Мұнай дайындау және айдау цехының машинисі*
- 13.04.1973 жыл, Құлқаев Жұмағали Қалпақбайұлы,  
*Жылу және сумен қамту цехының операторы*



«Қаражанбасмұнай» АҚ көлік департаментінің жүргізушісі мұнайшылары кір тасын көтеруден Айдын Ахметов II орын, №3 мұнай өндіру жетістіктерін еселеді. Петропавл цехының операторы Нартай Алтыбаев III қаласында өткен Қазақстан орын иеленді. Сондай-ақ қос мұнайшы Республикасы чемпионатында халықаралық дәрежедегі спорт шебері ардегерлер арасында технологиялық нормативін сәтті орындады.

14.04.1973 жыл, Ертілеуов Еркінбек Аманқосұлы,  
*№1 автотізбек моторисі*

16.04.1973 жыл, Есеркегенов Жанболат Жамбылұлы,  
*№2 автотізбек жүргізушісі*

17.04.1973 жыл, Сәрсенбаев Айтжан Наурызбайұлы,  
*Жаңа техника және технология бөлімінің жетекші инженері*

21.04.1973 жыл, Убаев Мейіргали Ұлықпанұлы,  
*№6 автотізбек машинисі*

24.04.1973 жыл, Ізбасаров Ыбырай Оралбайұлы,  
*Электр цехының электромонтері*

27.04.1973 жыл, Дегтёв Вячеслав Владимирович,  
*Жылу және сумен қамту цехының слесарь-сантехнигі*

30.04.1973 жыл, Әлжанов Асқар Серікқалиұлы,  
*№1 Мұнай өндіру цехының операторы*



**Құрметті мерейтой иелері!**  
Жеміс берсін тер төккен еңбегіңіз,  
Бақыт болсын әрдайым көргеніңіз.  
Еңбекпен мерейіңіз таси берсін,  
Артылып абыроймен беделіңіз!



**QARAJANBAS**

«ҚАРАЖАНБАСМҰНАЙ» АҚ КОРПОРАТИВТІК  
БАСЫЛЫМЫ

**Шығарушы:**

«Қаражанбасмұнай» АҚ

**Мекен-жайы:**

130000 Қазақстан Республикасы,  
Ақтау қаласы, 9 «а» шағын аудан,  
4 ғимарат

**Шығарылымға жауаптылар:**

**Себасов М.Б.** – Әлеуметтік жұмыс  
департаменті Директорының орынбасары,  
**Телефон:** 8 (7292) 473871  
**E-mail:** M\_Sebasov@kmb.kz

**Шаршова Е.А.** – баспасөз хатшы  
**Телефон:** 8 (7292) 473002  
**E-mail:** Y\_Sharshova@kmb.kz

**Түзелбай А.А.** – журналист  
**Телефон:** 8 (7292) 473072  
**E-mail:** A\_Tuzelbay@kmb.kz

**Газет ҚР ИЖДМ 11.12.15 тіркеліп,  
№15740-Г куәлігі берілген**

Газет ай сайын шығады  
Таралымы 500 дана.

Газет «Adver.kz» ЖШС  
баспаханасынан шықты.

**Мекен-жайы:**

130000, Қазақстан Республикасы,  
Ақтау қаласы, 3 Б ш/а, 55/7 ғимарат  
**Тел.:** 8 (7292) 507 000  
**Сайт:** www.adver.kz